

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

**«Түркістан облысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына және инвестициялық жобаларға бағытталған бюджет қаражатының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ
2024ж**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

**«Түркістан облысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына және инвестициялық жобаларға бағытталған бюджет қаражатының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түркістан облысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына және инвестициялық жобаларға бағытталған бюджет қаражатының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік аудит объектісі бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына және инвестициялық жобаларға бағытталған бюджет қаражатының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

«Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2021 жылдың 01 қаңтарынан 2023 жылдың 31 желтоқсаны аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

«Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережесі Түркістан облысы әкімдігінің 21.11.2022 жылғы №234 қаулысымен бекітілген.

«Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) энергетика, энергия үнемдеу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Басқарманың мынадай ведомстволық бағынысты ұйымы бар: «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Оңтүстік Энергосервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны».

Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің

актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

«Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

Басқарма қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

Басқарма кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады. Егер Басқарма заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу жұмыстары бойынша:

2021 жылы елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу жұмыстарына 1 085 256,0 мың теңге жоспарланып, 1 085 254,4 мың теңгесі игеріліп, 1,6 мың теңгесі үнемделген. 79 елді мекенге іздеу-барлау жұмыстары жүргізіліп, 37 елді мекенде жұмыстар аяқталған. 42 елді мекеннің іздеу-барлау жұмыстары 2022 жылға өтпелі болған.

2022 жылы 521 738,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген. 42 елді мекенге іздеу-барлау жұмыстары жүргізіліп, 14 елді мекенде жұмыстар аяқталған, 28 елді мекеннің іздеу-барлау жұмыстары 2023 жылға өтпелі болған.

2023 жылы 1 007 417,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген. 41 елді мекенге іздеу-барлау жұмыстары жүргізіліп, 19 елді мекенде жұмыстар

аяқталған, 22 елді мекеннің іздеу-барлау жұмыстары 2024 жылға өтпелі болған.

Кәсіпкерлік субъектілеріне жетіспейтін өндірістік инфрақұрылымды жүргізу бойынша

2021 жылы аталған бағытқа 3 117 454,0 мың теңге жоспарланып, 3 116 557,7 мың теңгесі игеріліп, 1 000,3 мың теңгесі үнемделген. Бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлік субъектілеріне жетіспейтін өндірістік инфрақұрылымды жүргізу үшін 7 нысанның құрылысы жүргізілген, 3 нысан пайдалануға тапсырылған.

2022 жылы 1 295 824,0 мың теңге жоспарланып, 1 295 823,9 мың теңгесі игеріліп, 0,1 мың теңгесі үнемделген. Бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлік субъектілеріне жетіспейтін өндірістік инфрақұрылымды жүргізу үшін 4 нысанның құрылысы жүргізіліп, 3 нысан пайдалануға тапсырылған.

2023 жылы кәсіпкерлік субъектілеріне жетіспейтін өндірістік инфрақұрылымды жүргізу үшін 8 нысанның құрылысы жүргізілген, 1 нысан пайдалануға тапсырылған. Қалған 7 нысан 2024 жылға өтпелі болған.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемі 6 193 614,0 мың теңгені құрады (2021 жылы- 4 129 080,0 мың теңге, 2022 жылы- 1 617 562,0 мың теңге, 2023 жылы -446 972,0 мың теңге).

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен аудит объектісінде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының жалпы сомасы **1 293 999,6 мың теңгені** (жалпы қамтылған қаржының 20,9 пайызы) құрады.

Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы **8 бірлік** бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды, оның ішінде бюджет заңнамасы бұзушылықтары 1 бірлік, құрылыс және қала құрылысы саласындағы заңнаманы бұзушылықтары 1 бірлік және өзге де салалық заңнама бұзушылықтары 6 бірлік.

Жүргізілген тиімділік және сәйкестік аудиті, мынадай кемшіліктердің барын көрсетті. Атап айтсақ:

Аудитпен анықталған 1 293 999,6 мың теңге тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаттары туралы:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығының «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойлатын талаптарының» **(бұдан әрі - №195 бұйрық)** сәйкес әзірленген 2022 жылы 024 «Бизнестің жол картасы-2025 бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту», 2023 жылы 024 «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бюджеттік бағдарламаларының мақсаты: **өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ**

бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады.

Алайда, бақылау өлшемін (тексеріп қарау) жүргізу барысында, 2022-2023 жылдары пайдаланылуға қабылданған кейбір инфрақұрылым объектілері, кәсіпкерлік субъектілері объектілерінің құрылыстары аяқталмауына байланысты іске қосылмағаны анықталды, яғни мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламасында көзделген мақсаттары орындалмаған.

1-тармақ. Атап айтқанда, 2023 жылы пайдалануға берілген «Түркістан облысы, Келес ауданының Бірлік ауылдық округінде ауданы 51,26 га жабық топырақта жеміс-көкөніс өнімін өндіру бойынша жылыжай кешенінің бірінші кезегінің тартылатын газ құбырын салу» нысаны кәсіпкерлік субъектісінің объектісі құрылысы аяқталмауына байланысты, пайдаланылмай тұрғаны анықталды, яғни 266 063,2 мың теңге бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған (*оның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстарына-255220,4 мың теңге, техникалық қадағалау жұмыстарына-7833,9 мың теңге, авторлық қызметке-3008,9 мың теңге*).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы №968 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының 5 тарау 60 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1060 қаулысымен бекітілген «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды жеткізу қағидаларының» 11 тармағына сәйкес жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізу шағын және орта **кәсіпкерлік субъектілерінің объектісі аумағының шекарасына дейін жүзеге асырылады**, бұл ретте кәсіпкерлік объектісі аумағының ішінде инфрақұрылым жүргізуге қаражат бөлу көзделмейді.

Алайда, "Түркістан облысы Түлкібас ауданында "Састөбе химиялық кешені" ЖШС зауытын газбен жабдықтау үшін қосымша газ беру желісін сала отырып, "Састөбе" ГРС реконструкциялаумен тартылатын газ құбырын салу", сонымен қатар "Түркістан облысы Түлкібас ауданында "Састөбе химиялық кешені" зауыты үшін су алғыш құрылыстар мен су таратқыш салу" нысандарының құрылыстары аяқталып, 2022 жылы пайдалануға берілгенімен, кәсіпкерлік субъектісі объектісінің құрылысы аяқталмауына және объектінің орналасатын аумағы ауысуына байланысты, қосымша инженерлік инфрақұрылымға (су, газ) жобалық сметалық құжаттама әзірленген (*24.10.2023 жылғы №19-0357/23 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы*), яғни бастапқы 2 жоба бойынша жүргізілген инфрақұрылымдар, кәсіпкерлік субъектілерінің объектісі аумағының шекарасына дейін жеткізілмеген.

2-тармақ. 2022 жылы пайдалануға берілген "Түркістан облысы Түлкібас ауданында "Састөбе химиялық кешені" ЖШС зауытын газбен жабдықтау үшін қосымша газ беру желісін сала отырып, "Састөбе" ГРС реконструкциялаумен тартылатын газ құбырын салу" нысанының, кәсіпкерлік субъектісі объектісінің құрылысы аяқталмауына және кәсіпкерлік субъектісі объектісінің аумағының

шекарасына дейін жеткізілмеуіне байланысты, пайдаланылмай тұрғаны анықталды, яғни бастапқы жоба бойынша 517 715,1 мың теңге бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған (оның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстарына - 498400,0 мың теңге, техникалық қадағалау жұмыстарына - 13731,0 мың теңге, авторлық қызметке-5584,1 мың теңге).

Осы тектес, 2022 жылы пайдалануға берілген "Түркістан облысы Түлкібас ауданында "Састөбе химиялық кешені" зауыты үшін су алғыш құрылыстар мен су таратқыш салу" нысанының, кәсіпкерлік субъектісі объектісінің құрылысы аяқталмауына және кәсіпкерлік субъектісі объектісінің аумағының шекарасына дейін жеткізілмеуіне байланысты, пайдаланылмай тұрғаны анықталды, яғни бастапқы жоба бойынша 473 610,7 мың теңге бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған. (оның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстарына – 453 781,1 мың теңге, техникалық жұмыстарына- 14 512,3 мың теңге, авторлық қызметке-5 317,3 мың теңге).

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі мынадай принциптерге негізделеді:

Нәтижелілік қағидаты – ұлттық жобаларды іске асыруға, мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару;

Тиімділік қағидаты – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабының 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану мемлекеттік мүлікті басқару принциптерінің бірі болып табылады.

Осылайша, Бюджет кодексінің 4 бабының 9), 12) тармақшаларының және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабының 4) тармақшасының талаптары сақталмай, 2022-2023 жылдары 024 бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 1 257 389,0 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

Сондай-ақ, Басқарма 2021, 2022, 2023 жылдары «Мақтаарал ауданында - Зерделі, Кемер, Халықтар достығы, Бейбітшілік, Талапты, Үшкөпір, Достық, Қызылтаң, Сайлау, Күрішті, Шаттық, Ақ алтын, Таубай ата ауылын жер асты суымен қамтамасыз ету бойынша шартта көрсетілген 300 343,5 мың теңгенің іздестіру-барлау жұмыстарын орындалған жұмыстар актілерімен қабылданған. Оның ішінде Абай ауылдық округі, Бейбітшілік елді мекені де көрсетілген.

«Оңтүстікқазнедра» өңіраралық департаменті жанындағы жер қойнауын зерттеу жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2023 жылғы 12 қыркүйектегі №90-У хаттамасында «Оңтүстік Қазақстан облысының 13 ауылын жерасты суларымен қамтамасыз ету үшін іздеу-барлау жұмыстары жүргізілгені,

оның ішінде: Мақтаарал ауданында - Зерделі, Кемер, Халықтар достығы, Бейбітшілік, Талапты, Үшкөпір, Достық, Қызылтаң, Сайлау, Күрішті, Шаттық, Ақ алтын, Таубай ата ауылдары», оның ішінде Бейбітшілік елді мекені де көрсетілген.

Бақылау өлшемін (тексеріп қарау) жүргізу кезінде, Абай ауылдық округі, Бейбітшілік елді мекенінде жер асты суымен қамтамасыз ету бойынша іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілмегені анықталды. Жер асты суымен қамтамасыз ету бойынша іздестіру-барлау жұмыстарының 6692 санды ұңғымасы Абай ауылдық округі, Отан елді мекенінде орналасқан.

Сондай-ақ, Басқарманың облыс бойынша елді мекендерін ауыз сумен қамту жөніндегі ұсынған мәліметтеріне сәйкес, аудитпен қамту мерізімінде Абай ауылдық округі, Бейбітшілік, Отан елді мекендері ауыз сумен қамтылған.

3-тармақ. Алайда, Абай ауылдық округі, Бейбітшілік, Отан елді мекендері ауыз сумен қамтылғанымен, Абай ауылдық округі, Бейбітшілік елді мекені жер асты суымен қамтамасыз ету бойынша іздестіру-барлау жұмыстарының құжаттары әзірленіп, нәтижесінде аталған елді мекенде тиісті жұмыстардың атқарылмағаны анықталды, яғни 36 610,6 мың теңгеге бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған.

Осылайша, Бюджет кодексінің 4 бабы 12) тармақшасы (*тиімділік қағидаты – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару*) талаптары сақталмаған.

Аудит барысында анықталған 8 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы:

Коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне мемлекеттік мүлікті беру облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен жүзеге асырылады.

4-тармақ. Алайда, 2021 жылы пайдалануға қабылданған "Отырар подстанциясынан АШӨК "SPK-SAURAN"-ның 829 га және "Ынтымақ Агро ХХІ" ЖШС-ның 782 га алаңына жаңбырлатып суару жүйесін қолдана отырып жем-шөп дақылдарын өсіру бойынша электр желісінің құрылысы" нысаны, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Азаттық а/о, 1094 уч., 1 квартал, мекен-жайы бойынша қызмет көрсету орталығына жеткізуші газ құбырының құрылысы нысаны, 2022 жылы пайдалануға қабылданған "Түркістан облысы Түлкібас ауданында "Састөбе химиялық кешені" ЖШС зауытын газбен жабдықтау үшін қосымша газ беру желісін сала отырып, "Састөбе" ГРС реконструкциялаумен тартылатын газ құбырын салу" нысаны, "Түркістан облысы Түлкібас ауданында "Састөбе химиялық кешені" зауыты үшін су алғыш құрылыстар мен су таратқыш салу" құрылысы нысаны, 2023 жылы пайдалануға қабылданған Түркістан облысы, Келес ауданының Бірлік ауылдық округінде ауданы 51,26 га жабық топырақта жеміс-көкөніс өнімін өндіру бойынша жылыжай кешенінің бірінші кезегінің тартылатын газ құбырын салу

нысанының құрылысы аяқталып пайдалануға берілгенімен, коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру жөнінде облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі шығарылмаған.

Бұл ретте, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 10-бабының 2 тармағының талаптары сақталмаған.

Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актімен ресімделеді. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітуге жатады.

Қабылдау актісін бекітуді тапсырыс беруші жүргізеді. Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күн оның бекітілген күні және объектінің пайдалануға берілген күні деп есептеледі.

Объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі болмаса, салынған объектіні пайдалануға жол берілмейді.

5-тармақ. Алайда, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Азаттық а/о, 1094 уч., 1 квартал, мекен-жайы бойынша қызмет көрсету орталығына жеткізуші газ құбырының құрылысы, "Түркістан облысы Түлкібас ауданында "Састөбе химиялық кешені" ЖШС зауытын газбен жабдықтау үшін қосымша газ беру желісін сала отырып, "Састөбе" ГРС реконструкциялаумен тартылатын газ құбырын салу", "Түркістан облысы Түлкібас ауданында "Састөбе химиялық кешені" зауыты үшін су алғыш құрылыстар мен су таратқыш салу", Түркістан облысы, Келес ауданының Бірлік ауылдық округінде ауданы 51,26 га жабық топырақта жеміс-көкөніс өнімін өндіру бойынша жылыжай кешенінің бірінші кезегінің тартылатын газ құбырын салу нысандарын пайдалануға қабылдау актілерінде тапсырыс берушінің қолы қойылған күндері көрсетілмеген, яғни объектіні пайдалануға қабылдау актісі тапсырыс берушімен бекітілмеген болып табылады.

Бұл ретте, «Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 73 бабы 4,7 тармақтарының нормалары сақталмаған.

№195 бұйрыққа сәйкес бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелерінде мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) **бюджеттік бағдарламаның мақсатына** қол жеткізуді сандық тұрғыдан өлшейтін, мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштері көрсетіледі.

Егер бюджеттік бағдарлама мемлекеттік органның даму жоспарының бір мақсатына сәйкес болса, онда бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі ретінде мемлекеттік органның даму жоспарының осы мақсатының нысаналы индикаторлары көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері:

анық, айқын және нақты болуға тиіс;

"Тікелей нәтиже көрсеткіштері" деген кестеде қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызмет көрсететін мемлекеттік органның қызметіне толық тәуелді болатын, көзделген бюджет

қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен көрсетілетін қызметтер көлемінің санмен өлшенетін сипаттамалар көрсетіледі.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері:

бюджеттік бағдарламада көзделген бюджет қаражаты есебінен жоспарлы кезеңнің белгілі бір қаржы жылында қол жеткізу болжанатын мемлекеттік орган қызметінің барлық нәтижелерін қамтиды;

бюджеттік бағдарламаның *мақсатымен өзара байланысады*;

Басқарманың 2021-2023, 2022-2024, 2023-2025 жылдарға арналған 024 бюджеттік бағдарламасының тікелей нәтиже көрсеткіштері: *кәсіпкерлік субъектілері үшін инфрақұрылымдар салу*, түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: *кәсіпкерлік нысандарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету*, бюджеттік бағдарламаның мақсаты: *өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру* болып табылады.

6-тармақ. Алайда, Басқарманың 2021-2023, 2022-2024, 2023-2025 жылдарға арналған 024 бюджеттік бағдарламасының тікелей, түпкілікті нәтиже көрсеткіштері бюджеттік бағдарламаның мақсаттарымен байланыстырмаған.

Бұл ретте, №195 бұйрықтың 8 тармағы 7),8),14) тармақшаларының (2021 жылға 9 тармағы 8), 11), 12) тармақшалары) нормалары сақталмаған.

Жерді, су ресурстарын және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану тиісті табиғи ресурстарды пайдалану және қорғау режимін айқындайтын Қазақстан Республикасының жер, су және экологиялық заңнамасына сәйкес реттеледі.

Ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты суларының орындары мен учаскелерінің контурларында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге, радиоактивті және химиялық қалдықтардың көмінділерін, қоқыстарды, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суларының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

Жер асты суларының су алу құрылыстарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жер асты суларының санитарлық қорғау аймағы мен олардың мониторингін ұйымдастыруға міндетті.

Жер асты суларын пайдалануға байланысты су тарту құрылыстарын орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде олардың жер үсті су объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсерін болғызбайтын шаралар көзделуге тиіс.

Алайда, жер асты суымен қамтамасыз ету бойынша жүргізілген іздестіру-барлау жұмыстарына бақылау өлшемін (тексеріп қарау) жүргізу кезінде 3 жоба бойынша ұңғымалардың беттері ашық, белгісіз адамдардың пайдаланып жатқаны, санитарлық қорғауға алынбағаны және айналасы қоршалмағаны анықталды.

7-тармақ. Атап айтқанда, Арыс қаласының, Саналы ауылындағы №6679 ұңғымасына электр қуаты мен су айдау құбыры өз бетінше тартылғаны анықталды.

Осы тектес, «Оңтүстік Қазақстан облысының 13 ауылын жерасты суларымен қамтамасыз ету үшін іздеу-барлау жұмыстары, оның ішінде: Мақтаарал ауданы Зерделі, Кемер, Халықтар достығы, Бейбітшілік, Талапты, Үшкөпір, Достық, Қызылтаң, Сайлау, Күрішті, Шаттық, Ақ алтын, Таубай ата бойынша» жер асты суымен қамтамасыз ету бойынша іздестіру-барлау жұмыстарының ішіндегі Достық елді мекеніндегі №6695 ұңғыманы белгісіз адамдар іске қосып, пайдаланғаны анықталды.

Сонымен қатар, Мақтаарал ауданы, Абай елді мекеніндегі №6710, Алпамыс елді мекеніндегі №6713 ұңғымаларды белгісіз адамдар тарапынан іске қосып, ажыратылғаны, сонымен қатар, Алғабас елді мекеніндегі №6702 ұңғыманың беті толық жабылмағаны анықталды.

Бұл ретте, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Кодексінің 2-бабы 2-тармағының, Су кодексінің 120-бабы 2,6,8 тармақтарының нормалары сақталмаған.

Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады;

мемлекеттік мекеменің басшысы есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс;

операцияны немесе оқиғаларды жасау фактісін белгілейтін, дұрыс рәсімделген бастапқы құжаттар бухгалтерлік есептің тіркелімдерінде жазбаларды көрсетуге негіз болып табылады;

тексерілген және есепке алынған құжаттар операцияларды жасау күні бойынша жүйеленеді және мемориалды ордерлермен – нысандар альбомының нысандары бойынша жинақтау ведомостерімен ресімделеді.

8-тармақ. Алайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 4, 12, 15, 18, 21 тармақтарының талаптарын сақталмай, Энергетика басқармасы барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын қамтамасыз етпеген, тексерілген және есепке алынған

құжаттар операцияларды жасау күні бойынша жүйеленбеген, қызмет көрсетушілердің атаулары көрсетілмеген, аударылған сомалары 2021, 2022, 2023 жылдарға арналған №19 мемориалдық ордер-жинақтаушы ведомостінде дәл көрсетілмеген.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде, 081 «Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша қызмет көрсетушілермен 28 шарт жасасқан.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт мемлекеттік органдар тарапынан тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру үшін маңызды құрал болып табылады. Заң тұрғысынан келісім - бұл тараптар арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру тәсілі. Бұл нақты жағдайларды ескере отырып, әр тараптың міндеттері мен құқықтарын егжей-тегжейлі жазуға мүмкіндік береді.

Шарттардың 4-бөлімі 4.1-тармағы 8),9) тармақшаларына сәйкес, «Орындаушы» шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде веб-портал арқылы «Тапсырыс берушіге» орындалған жұмыстардың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен бекітілген актісін ресімдеуге және жіберуге, «Тапсырыс беруші» орындалған жұмыстардың актісін бекіткеннен кейін электрондық шот-фактураны жазуға міндеттенеді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Мәселен, Шарттың 3-бөлімі 3.5-тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларына сәйкес, ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттарға, *осы Шарт, жергілікті қамту үлесі бойынша есеп, орындалған жұмыстардың актісі, Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың жалпы сомасын сипаттай отырып, шот-фактура* болып табылады.

Ал, аудит жүргізілген кезеңде «Тапсырыс беруші» тарапынан, көрсетілген қызметтерге ақы төлеу «Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 20.12.2012 жылғы №562 бұйрығына 50-қосымшаға сәйкес **қағаз нысанда** ұсынылған орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілері негізінде жүргізілген, яғни бұл шарттық міндеттемелерді орындауды бұзу болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 43 бабы 26 тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалғаны туралы құжаттар (тауарды қабылдау-тапсыру актісі, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі, шот-фактура) **электрондық нысанда** ресімделеді.

9-тармақ. Энергетика басқармасының 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша мемлекеттік сатып алу, электрондық шот-фактуралар мемлекеттік ақпараттық жүйелерінің орындалған жұмыстар актілеріне қол қою бөлігінде шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін назарға алмай, 2021-2023 жылдары аралығында жасалған 28 шарт бойынша **қағаз нысанда** ұсынылған

орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілері негізінде ақы төлеу жүргізілген.

Бұл ретте, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 43 бабы 26 тармағы талаптары сақталмаған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).

«Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2021, 2022 және 2023 жылдардағы мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, өңірлік және (немесе) елдік бөліністегі әлеуметтік-экономикалық дамудың салалар бойынша жай-күйі төмендегідей:

Электр қуатымен қамтамасыз ету саласы:

2021 жылы 51 нысанның электрмен қамтамасыз ету құрылысына бюджеттен 7 923,9 млн. теңге (*соның ішінде: РБ - 1000,0 млн. тг., ҰҚ – 6 100,0 млн. тг., ОБ - 823,9 млн. тг.*) қаралып (*104 - ауылдық елді мекен, 3 - мөлтек аудан және 2 - қосалқы станция*), оның ішінде 23 нысан (*55 елді мекен, 29,0 мың тұрғын*) пайдалануға берілген. 28 нысанның құрылысы 2022-2023 жылдарға өтпелі.

2022 жылы 42 нысанның электрмен қамтамасыз ету құрылысына бюджеттен 13 605,6 млн. теңге (*соның ішінде: РБ – 6 460,0 млн. тг., ҰҚ – 6 400,0 млрд. тг., ҰҚ гарант - 189,7 млн. тг., ОБ - 555,9 млн. тг.*) қаралып, (*42 - ауылдық елді мекен, 2 - м.а. және 2 - қосалқы станция*), құрылыс жұмыстары жүргізілген. Жыл қорытындысымен, 11 нысанның (*12 елді мекен, 8,8 мың тұрғын*) құрылыс аяқталып, пайдалануға берілген. 31 нысанның құрылысы 2023 жылға өтпелі.

2023 жылдың қорытындысымен, 36 нысанның (40 елді мекен, 104 мың халық) құрылысын аяқтау жоспарланған. 28 нысанның құрылысы аяқталып, 26 елді мекендерде 52,4 мың халық сапалы электр қуатымен қамтамасыз етілген.

Электрмен жабдықтау нысандарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша 2010-2021 жылдары бюджет есебінен 171 электр қуатымен қамтамасыз ету нысандарының (*соның ішінде: 3 010,527 шақырым 110-0,4 кВ-тық электр желілері, 4 дана – 110-35 кВ-тық қосалқы станция, 1 181 дана - 10-0,4 кВ-тық трансформатор*) құрылысы жүргізіліп, аудан, қала әкімдіктерінің теңгеріміне алынған.

ҚР-ның «Электр энергетикасы туралы» Заңы 13-1 баптың 1 тармағына сәйкес, «Мемлекеттік заңды тұлғалардың шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы электр желілері, өз мұқтаждары үшін пайдаланылатын электр желілерін қоспағанда, электр желілеріне өздері тікелей қосылған энергия беруші ұйымдарға келісім-шарт негізінде сенімгерлік басқаруға беріледі» делінген.

Қазіргі жағдай бойынша, 110 нысанның (*соның ішінде: 1662,638 шақырым 110-0,4 кВ-тық электр желілері, 3 дана – 110-35 кВ-тық қосалқы станция, 647 дана - 10-0,4 кВ-тық трансформатор*) құжаттары толық заңдастырылып, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға өткізілген.

Қалған, 61 нысанның құжаттарын Келес (23-нысан), Түркістан (13-нысан), Төлеби (8-нысан), Арыс (4-нысан), Созақ (3-нысан), Кентау (1-нысан), Ордабасы (5-нысан), Сайрам (2-нысан), Бәйдібек (1-нысан), Мақтаарал (1-нысан) аудандарының әкімдіктері тарапынан құжаттарын толық заңдастырып, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-ның сенімгерлік басқаруға берілмеген.

Облыстың электр қуатына жалпы қажеттілігі 320 МВт, оның ішінде 80% сыртқы көздерден тасымалданады.

Елді мекендердің 98% орталықтандырылған электр желісімен қамтылған (*816 елді мекен*).

16 ауыл шалғайда орналасуына байланысты өзге де қуат көздерімен қамтылған (*күн сәулесі панелі, дизельді генератор*).

Табиғи газбен қамтамасыз ету саласы бойынша:

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 841 елді мекеннің (2 044,0 мың тұрғын) 423 елді мекені (50,3%) немесе 1 274,0 мың (62,3%) тұрғыны табиғи газбен қамтамасыз ету мүмкіндігіне қол жеткізілген.

2021 жылы 97 нысанның құрылысына бюджеттен 15 100,0 млн. теңге (РБ – 10 900,0 млн.тг., ОБ – 4 200,0 млн.тг.) бөлінген.

2021 жылы 28 нысанның құрылысы аяқталып, 100 594 тұрғын табиғи газбен қамтамасыз етілген. Оның ішінде, 2 АГРС, 1 көше, 1 мөлтек ауданы және 34 елді мекен. Қалған 69 нысан келесі жылға өтпелі.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 841 елді мекеннің (2 044,0 мың тұрғын) 457 елді мекені (54,9%) немесе 1 529,0 мың (73,7%) тұрғыны табиғи газбен қамтамасыз ету мүмкіндігіне қол жеткізілген.

2022 жылы 75 нысанның құрылысына 24 409,7 млн.теңге (*ҰҚ-23 400,0 млн.тг., РБ-532,4 млн.тг., ОБ-477,3 млн.тг.*) қаржы бөлініп, оның ішінде 6 нысанның (*8 елді мекен, 8 588 тұрғын*) құрылысы аяқталып пайдалануға тапсырылған, қалған 69 нысанның құрылысы 2023 жылға өтпелі.

2022 жыл қорытындысымен, 465 елді мекен (55,8%) табиғи газды қосуға мүмкіндік алған.

2023 жылы 107 нысанның құрылысына 17 500,0 млн.теңге (*ҰҚ-8 300,0 млн.тг., РБ-2 200,0 млн.тг., ОБ-7000,0 млн.тг.*) бөлініп, оның ішінде 60 нысанның (*48 е.м., 3-АГРС, 3 жеткізуші газ құбыры, 11 шағын аудан, 111 876 тұрғын*) құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға тапсырылған. Қалған 47 нысан 2024 жылға өтпелі.

2024 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша 832 елді мекеннің (*2 119,1 мың тұрғын*) 513 елді мекені (*61,6 %*) немесе 1 649,5 тұрғын (*77,8 %*) табиғи газбен қамтамасыз етілген.

Ауыз сумен қамтамасыз етілуі бойынша:

2021 жылы ауыз сумен қамтамасыз ету саласы бойынша 58 нысанның құрылысына бюджеттен 12 700,0 млн. теңге (*ҰҚ-11 400,0 млн. тг., РБ-100,0 млн.тг.,*

ОБ-1 200,0 млн.тг) бөлінген. Соның ішінде, 22 нысан пайдалануға берілген, қалған 36 нысанның құрылысы 2022 жылға өтпелі.

Нәтижесінде, 20 елді мекен (*Арыс-1, Сарыағаш-2, Келес-8, Қазығұрт-2, Ордабасы-6, Созақ-1*) ауыз сумен қамтамасыз етілген, 8 елді мекеннің (*Келес-1, Төлеби-1, Жетісай-5, Мақтарал-1*) тозығы жеткен су құбырлары қайта жаңартылған.

2021 жылдың қорытындысымен, 831 елді мекеннің 712 елді мекені (7 қала, 705 ауылдық елді мекен) немесе 85,7 % ауыз сумен қамтамасыз етілген. Оның ішінде:

- Қалаларда – 99,4 % (431,0 мың адам),
- Ауылдық елді мекендер – 93,9 % (1 540,7 мың адам).

2022 жылы 55 нысанның құрылыс жұмыстарына бюджет есебінен 19 100,0 млн. теңге (ҰҚ-18 900,0 млн. тг., ОБ-200,0 млн. тг.) бөлінген. Соның ішінде, 12 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген, қалған 43 нысанның құрылысы 2023 жылға өтпелі.

Нәтижесінде, 7 елді мекен (*Сарыағаш-3, Қазығұрт-2, Ордабасы-2*) ауыз сумен қамтамасыз етілген, 6 елді мекеннің (*Сауран-1, Қазығұрт-1, Жетісай-2, Ордабасы-1, Түлкібас-1*) тозығы жеткен су құбырлары қайта жаңартылған.

2022 жылдың қорытындысымен, 831 елді мекеннің 719 елді мекені (7 қала, 712 ауылдық елді мекен) немесе 86,5 % ауыз сумен қамтамасыз етілген. Оның ішінде:

- Қалаларда – 99,4 % (431,0 мың адам),
- Ауылдық елді мекендер – 94,3 % (1 548,4 мың адам)

2023 жылы 70 нысанның құрылыс жұмыстарына бюджет есебінен 18600,0 млн.теңге (ҰҚ-13 400,0 млн.тг., РБ-1 900,0 млн. тг., ОБ-3 300,0 млн.тг.) бөлінген. Соның ішінде, 36 нысанның құрылысы аяқталған, қалған 34 нысан 2024 жылға өтпелі.

Нәтижесінде, 20 елді мекен (*Бәйдібек-1, Сауран-1, Сарыағаш-8, Келес-2, Қазығұрт-1, Ордабасы-4, Отырар-2, Жетісай-1*) ауыз сумен қамтылған, 9 елді мекеннің (*Бәйдібек-2, Қазығұрт-1, Төлеби-4, Жетісай қ-1, Мақтаарал-1*) тозығы жеткен су құбырлары қайта жаңартылған.

2023 жылдың қорытындысымен, 829 елді мекеннің 739 елді мекені (7 қала, 732 ауылдық елді мекен) немесе 88,8% ауыз сумен қамтамасыз етілген. Оның ішінде:

- Қалаларда – 99,8 % (7 қала, 527,3 мың адам),
- Ауылдық елді мекендер – 97,3 % (732 е.м., 1 569,6 мың адам).

Ауыз сумен қамтылмаған елді мекендер:

Облыс бойынша 93 ауылдық елді мекен (53,3 мың адам) ауыз сумен қамтылмаған.

Тұрғын үй қоры туралы

Түркістан облысы бойынша 1708 көп қабатты тұрғын үйлер бар. Коммуналдық меншікте 198 тұрғын үй, 1510 көп пәтерлі тұрғын үйлер кондоминиум нысандары.

2020 жылы жергілікті бюджеттің 1 064,0 млн. теңге қаржысына Кентау қаласындағы 32 көп пәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2021 жылы республикалық бюджеттің 3 251,4 млн. теңге қаржысына Кентау қаласындағы 100 көп пәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2022 жылы республикалық бюджеттің 955,0 млн. теңге қаржысына Түркістан қаласындағы 45 көп пәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары жасалып, қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

2023 жылы республикалық бюджеттен Кентау қаласындағы 55 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарына 1 573,0 млн. теңге қаржы қарастырылған, оған қоса, жергілікті бюджеттен Түркістан қаласындағы 23 көп қабатты тұрғын үйді күрделі жөндеуге 311,0 млн. теңге қаржы қаралып тиісті жұмыстар жүргізілген.

Осылайша, «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі өңір халқының өмір сүру сапасын арттыра отырып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысады.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар

Мемлекеттік аудит барысында шаралар қабылданбады.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Базалық көрсеткіш:

тиімділік - жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы;

Арнайы көрсеткіш: бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында, жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша үнемділік және өнімділік принциптерінің сақталуы

Аудит объектілері бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде, тікелей нәтижелердің жоспарланған негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

Жалпы, бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтиже көрсеткіштеріне негізінен қол жеткізгеніне қарамастан, бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктер бар, атап айтқанда:

2022-2023 жылдары пайдаланылуға қабылданған кейбір инфрақұрылым объектілері кәсіпкерлік субъектілері объектілерінің құрылыстары аяқталмауына байланысты, іске қосылмаған, яғни 2022-2023 жылдары 024 бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 1 257 389,0 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

Сонымен қатар, 081 бюджеттік бағдарламасы бойынша Абай ауылдық округі, Бейбітшілік, Отан елді мекендерінің ауыз сумен қамтылғаны назарға алынбастан, Абай ауылдық округі, Бейбітшілік елді мекені жер асты суымен қамтамасыз ету бойынша іздестіру-барлау жұмыстарының құжаттары әзірленіп, нәтижесінде аталған елді мекенде тиісті жұмыстардың атқарылмаған, яғни 36 610,6 мың теңгеге бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған.

Кейбір құрылысы аяқталып пайдалануға берілген объектілерді коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру жөнінде облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі шығарылмаған.

Сондай-ақ, объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінде тапсырыс берушінің қолы қойылған күндері көрсетілмеген, яғни объектіні пайдалануға қабылдау актісі тапсырыс берушімен бекітілмеген болып табылады.

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша, «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 024, 081 бюджеттік бағдарламалары бойынша жүргізілген мемлекеттік аудит осы салалар бойынша мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі бойынша пікір білдіру үшін жеткілікті негіздер береді деген қорытынды жасауға болады.

Базалық көрсеткіш:

Нәтижелік - әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы және нақты нәтижелерінің арақатынасы;

Арнайы көрсеткіш: Мемлекеттік аудит объектісінің жоспарлы көрсеткіштерімен салыстырғанда міндеттер мен функцияларды іске асырудың нақты нәтижелеріне қол жеткізуі.

2021 жылы 024 «Бизнестің жол картасы - 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 117 454,0 мың теңге жоспарланып, 4-20 нысаны бойынша игерілген қаржы 3 116 453,7 мың теңге, 1000,0 мың теңге Түркістан облысында қуаттылығы 180 МВт Састөбе химиялық кешені үшін сыртқы электрмен жабдықтау нысандарының құрылысы 1 кезең нысанынан 1000,0 мың теңге мемлекеттік сатып алу конкурсының аяқталмауына байланысты игерілмеген.

Бұл қаржылар есебінен кәсіпкерлік субъектілеріне жетіспейтін өндірістік инфрақұрылымды жүргізу үшін 7 нысанның құрылысы жүргізіліп, 3 нысан пайдалануға тапсырылған. Қалған 4 нысан 2022 жылға өтпелі.

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысында тікелей нәтижеге көрсеткіштеріне толық қол жеткізілмеген.

081 «Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 085 256,0 мың теңге жоспарланып, игерілген қаржы 1 085 254,4 мың теңге, 1,6 мың теңгесі үнемделген.

Бюджеттік бағдарлама шеңберінде 79 елді мекенге іздеу барлау жұмыстары жүргізіліп, 37 елді мекеннің жұмыстары аяқталып, 42 елді мекеннің іздеу барлау жұмыстары 2022 жылға өтпелі.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

2022 жылы 024 «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту»

бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 295 824,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген.

Бюджеттік бағдарламалардың орындалу есебіне сәйкес, аталған қаржылар есебінен кәсіпкерлік субъектілеріне жетіспейтін өндірістік инфрақұрылымды жүргізу үшін 3 нысанның құрылысы жүргізіліп, пайдалануға тапсырылған.

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысында тікелей нәтижеге толық қол жеткізілген.

081 «Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 521 738,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген.

Бюджеттік бағдарлама шеңберінде 42 елді мекенге іздеу барлау жұмыстары жүргізіліп, 14 елді мекеннің жұмыстары аяқталып, 28 елді мекеннің іздеу барлау жұмыстары 2023 жылға өтпелі.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

2023 жылы 024 «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 414 280,0 мың теңге жоспарланып, 2407575,2 мың теңге игерілген. Үнемделген қаржы 6 704,8 мың теңге.

Бұл қаржылар есебінен кәсіпкерлік субъектілеріне жетіспейтін өндірістік инфрақұрылымды жүргізу үшін 8 нысанның құрылысы жүргізіліп, 1 нысан пайдалануға тапсырылған. Қалған 7 нысан 2024 жылға өтпелі.

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысында тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

081 «Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 007 417,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген.

Бюджеттік бағдарлама шеңберінде 41 елді мекенге іздеу барлау жұмыстары жүргізіліп, 19 елді мекеннің жұмыстары аяқталып, 22 елді мекеннің іздеу барлау жұмыстары 2024 жылға өтпелі.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

Жер асты суымен қамтамасыз ету бойынша жүргізілген іздестіру-барлау жұмыстарына бақылау өлшемін (тексеріп қарау) жүргізу кезінде кейбір ұңғымалардың беттері ашық, белгісіз адамдардың пайдаланып жатқаны, санитарлық қорғауға алынбағаны және айналасы қоршалмағаны анықталды.

Энергетика басқармасы барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын қамтамасыз етпеген, тексерілген және есепке алынған құжаттар операцияларды жасау күні бойынша жүйеленбеген, қызмет көрсетушілердің атаулары көрсетілмеген, аударылған сомалары 2021, 2022, 2023 жылдарға арналған №19 мемориалдық ордер-жинақтаушы ведомостінде дәл көрсетілмеген.

Энергетика басқармасының Мемлекеттік сатып алу, электрондық шот-фактуралар мемлекеттік ақпараттық жүйелерінің орындалған жұмыстар

актілеріне қол қою бөлігінде шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін назарға алмай, ҚР ҚМ 20.12.2012 жылғы №562 бұйрығына 50-қосымшаға сәйкес **қағаз нысанда** ұсынылған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілері негізінде ақы төлеу жүргізілген.

Мемлекеттік аудит нәтижелері көрсеткендей, жоғарыда аталған бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамау, қызметкерлердің өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерді тиісінше орындамау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің нәтижелілік және тиімділік қағидаттарын сақтамау болып табылады.

3.3. Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар

1. «Түркістан облысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына және инвестициялық жобаларға бағытталған бюджет қаражатының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Түркістан облысы әкімдігі мен облыс мәслихатына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын.

4. «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 27 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылдың 30 қарашасына дейін пайдалануға қабылданған 5 нысан бойынша жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру жөнінде шаралар қабылдасын (*04.06.2024 жылғы аудиторлық есептің 4 тармағы*).

5. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі А.Дарибаев: «Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне нұсқама жолдасын.

3.4. Қосымша:

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.